



Тауар (жұмыс, қызмет) экспортынан шетел валютасымен түскен түсімді міндетті түрде сату туралы нұсқаулықты бекіту жөнінде

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 1999 жылғы 28 наурыздағы N 54 қаулысы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2.04.1999 ж. тіркелді. Тіркеу N 724. Қаулының күші жойылды - Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2008 жылғы 25 ақпандағы N 13 қаулысымен.

Ескерту: Қаулының күші жойылды - Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2008 жылғы 25 ақпандағы N 13 қаулысымен.

-----Қаулыдан үзінді-----

«Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің кейбір нормативтік құқықтық актілерін»"Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы" Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 30 наурыздағы Заңының талаптарына сәйкес келтіру мақсатында Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы

Қ А У Л Ы

Е Т Е Д І :

1. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің осы қаулының қосымшасында көрсетілген нормативтік құқықтық актілерінің күші жойылды деп танылсын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

3
1)	.	.	.
2)	.	.	.
4

5. ...

Ұлттық Банк Төрағасы

Д ұ р ы с :

ҚРҰБ Басқармасының және
Директорлар кеңесінің

хатшысы

Қазақстан Республикасының

Ұлттық Банкі Басқармасының

2008 жылғы 25 ақпандағы

N 13 қаулысына қосымша

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің
күші жойылды деп танылатын нормативтік

1. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының» "Тауар (жұмыс, қызмет) экспортынан шетел валютасымен түскен түсімді міндетті түрде сату туралы нұсқаулықты бекіту жөнінде" 1999 жылғы 28 наурыздағы N 54 қаулысы (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 1999 жылғы 2 сәуірде N 724 тіркелген,»"Казахстанская правда" газетінде 1999 жылғы 6 сәуірде N 63 (22780) жарияланған).

2
3
4
5

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы" Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 30 наурыздағы Заңына және "Валюталық реттеу туралы" 1996 жылғы 24 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының» Заңына сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің»Басқармасы **қаулы етеді** :

Ескерту: Кіріспеге өзгертулер енгізілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2004 жылғы 23 желтоқсандағы N 183 қаулысымен .

1. Ұсынылып отырған Тауар (жұмыс, қызмет) экспортынан шетел валютасымен түскен түсімді міндетті түрде сату туралы нұсқаулық бекітілсін және ол Қазақстан Республикасының»Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енгізілсін.

2. Осы қаулы күшіне енген кезден бастап Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің»Директораты мәжілісінің 1994 жылғы 11 наурыздағы N 5 хаттамасымен бекітілген Кәсіпорындардың, бірлестіктердің, ұйымдардың тауар (жұмыс, қызмет) экспортынан түскен валюта түсімінің» 50%-ін Қазақстан банкаралық валюта биржасы арқылы міндетті түрде сату тәртібі туралы нұсқаулықтың»күші ж о й ы л д ы деп т а н ы л с ы н .

3. Заң департаменті (Сизова С.И.):

1) осы қаулыны және Тауар (жұмыс, қызмет) экспортынан шетел валютасымен түскен түсімді міндетті түрде сату туралы нұсқаулықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде тіркесін;

2) осы қаулыны және бекітілген Нұсқаулықты Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің облыстық филиалдарына және екінші деңгейдегі банктерге ж і б е р с і н .

4. Мерзімді басылымдар және іскерлік ақпарат бөлімі (Байменов Х.Қ.) осы қаулыны және Тауар (жұмыс, қызмет) экспортынан шетел валютасымен түскен түсімді міндетті түрде сату туралы нұсқаулықты республикалық бұқаралық

ақпарат құралдарында жарияласын.

5. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары Ә.З.Нәлібаевқа жүктелсін.

Ұ л т т ы қ Б а н к

Төрағасы

Қазақстан Республикасының
Ұлттық Банкі Басқармасының
1999 жылғы 28 наурыздағы
N 54 қаулысымен бекітілген

"Тауар (жұмыс, қызмет) экспортынан шетел валютасымен түскен түсімді міндетті түрде сату туралы"
Нұсқаулық

Осы Нұсқаулық Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы" Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 30 наурыздағы Заңына және " Валюталық реттеу туралы" 1996 жылғы 24 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жасалды және оларды меншік түріне қарамастан барлық заңды тұлғалардың (бұдан әрі "ұйымдар" деп аталады) тауар (жұмыс, қызмет) экспортынан (бұдан әрі "өнім экспорты" деп аталады) түскен валюта түсімін міндетті түрде сату тәртібін белгілейді.

Осы тәртіп еркін айналымдағы және басқа шетел валюталарындағы экспорттық түсімнің»бөлігін міндетті түрде сатуда қолданылады, оның тізбесін Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі (бұдан әрі - Ұлттық Банк) бекітеді.

Ескерту: Кіріспеге өзгертулер енгізілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2004 жылғы 23 желтоқсандағы N 183 қаулысымен .

1. Жалпы ережелер

1. Міндетті түрде сатуға жататын тауар (жұмыс, қызмет) экспортынан түскен шетел валютасындағы түсім мөлшері, шетел валюталарының»тізбесін және міндетті түрде сату тәртібін енгізу күні Ұлттық Банк Басқармасының» қаулысымен белгіленеді және қаулы қабылданған күннен бастап күшіне енеді.

2. Ұйымдар ішкі валюта рыногындағы экспорттық валюта түсімінің» бөлігін уәкілеттік берілген банктер арқылы міндетті түрде сатады. Уәкілетті банктер экспорттық валюта түсімінің бөлігін банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын уәкілетті ұйым (бұдан әрі - валюта биржасы) жүргізетін сауда-саттыққа қатысу жолымен сатады.

Валюта биржасының мүшесі болып табылмайтын уәкілетті банк осы Нұсқаулықтың талаптарына сәйкес экспорттық валюта түсімін сатуды жүзеге асыратын, валюта биржасына сауда-саттыққа жіберілген банкпен тиісті шарт жасасу жолымен экспорттық валюта түсімін (өз түсімін де, клиенттердің түсімін де) с а т а д ы .

Ескерту: 2-тармаққа толықтыру енгізілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 1999.04.16. N 74 қаулысымен .

3. Өнім экспорты үшін, оның ішінде резиденттердің Қазақстан Республикасының аумағында резидент еместерге тауарларды (жұмыс, қызмет) сатудан түскен төлем ретінде алынған шетел валютасы, сондай-ақ Ұлттық Банктің лицензияларына сәйкес бөлшек сауданы жүзеге асыратын ұйымдардың валюта түсімі және қолма-қол шетел валютасы үшін қызмет көрсету, экспорттық валюта түсіміне (бұдан әрі - валюта түсімі) жатады.

Қазақстан Республикасының мемлекеттік кепілдігіне консигнацияға алынған тауарлар сатылған жағдайда, консигнант-ұйым алған шетел валютасындағы комиссиялық сома міндетті түрде сатылуға тиіс.

Ескерту: 3-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 1999.04.16. N 74 қаулысымен , 1999.05.20. N 121 қаулысымен .

4. Шетел валютасындағы мынадай түсімдер валюталық түсімге жатпайды:

4.1. Инвестиция түріндегі түсімдер (кредиттерді қоса) және олардан түскен к і р і с т е р :

- жарғы капиталының жарналары;
- алынған кредиттер, шарттарында негізгі борышты және сыйақыны (мүддені) тауармен (жұмыспен, қызметпен) өтеу мүмкіндігі көзделген кредиттерден басқасы, сондай-ақ меншік құқығы кредиторға не үшінші адамға кепіл ретінде өткен жағдайда, кепілге берілетін кредиттер;
- Қазақстан Республикасының банктері берген кредиттер бойынша сыйақы (м ү д д е) а л у ;
- Қазақстан Республикасының банктері берген ұйымдар көрсеткен қаржы көмегін қайтару кредиттер бойынша негізгі сомаларды өтеу;
- борыштық және басқа бағалы қағаздарды сатудан түскен түсімдер;
- сатып алынған бағалы қағаздарды өткізуден және өтеуден түскен түсімдер;
- сатып алынған бағалы қағаздар бойынша басқа кірістер;
- дивидендтер, бөлінген кірістер;
- депозитке орналастырылатын қаражат;
- орналастырылған депозиттерден алынған кірістер.

Ескерту: 4.1-тармаққа толықтыру енгізілді - ҚР Ұлттық Банкі басқармасының 1999.05.20. N 121 қаулысымен .

4.2. Қайырымдылық мақсаттарына арналған қайырмалдық түрінде түскен түсімдер.

4.3. Қазақстан Республикасының»ішкі валюта рыногында сатып алынған шетел валютасы.

4.4. Консигнацияға алынған импорт тауарларын сатудан түскен шетел валютасы, сондай-ақ көрсеткен қызметі үшін агенттік келісімдер бойынша алынған шетел валютасы бұған саудадағы үстеме баға кірмейді.

Ескерту: 4.4-тармаққа толықтыру енгізілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 1999.04.16. N 74 қаулысымен .

4.5. Шетел валютасымен мынадай операциялар жүргізуден:

- банктердің»бұрын шетел валютасымен сатып алынған тазартылған алтынды сату бойынша операциялардан;

- овердрафттан (төлем көлемі клиент есепшотындағы қаражат қалдығынан асқан жағдайда, банк беретін қысқа мерзімді кредит);

- форекс операцияларынан (ішкі және сыртқы валюта рыноктарында шетел валютасын теңгеге де және басқа шетел валютасына сатып алу) түскен түсімдер;

- Қазақстан Республикасының резидент еместерін сақтандыру жөніндегі сақтандыру ұйымдарының операцияларынан, сондай-ақ шетелдік сақтандырушылармен (қайта сақтандырушылар мен) қайта сақтандыру операцияларынан .

Ескерту: 4.5-тармаққа толықтыру, өзгерту енгізілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 1999.04.16. N 74 қаулысымен , 1999.05.20. N 121 қаулысымен .

5. Ұйымдар валюта түсімінің»барлық сомасынан сатылуға тиісті валюта түсімі бөлігінің»есебін жүргізеді.

6. Қазақстан Республикасының»Ұлттық Банкі алған, сондай-ақ көлемі 100 миллион АҚШ долларынан кем болмайтын аса маңызды инвестициялық жобаларды жүзеге асыру үшін Қазақстан Республикасы Үкіметінің»шешіміне сәйкес шетелдік инвестордың»және мемлекет уәкілдік берген заңды тұлғаны» немесе мемлекеттік органның»қатысуымен құрылған заңды тұлғалардың - резиденттердің» шетел валютасы міндетті түрде сатуға жатпайды.

2. Ұйымдардың валюта түсімін міндетті түрде сату тәртібі

7. Осы Нұсқаулықтың мақсаты үшін уәкілетті банктерде:

- шетел валютасымен толық көлемдегі түсімдерді есепке алу үшін транзиттік
в а л ю т а е с е п ш о т ы ;

- валюта түсімін міндетті түрде сатқаннан кейін ұйымның қарамағында қалған қаражат есебін жүргізуге арналған ағымдағы валюта есепшоты (егер ұйымдарда валюта есепшоты болмаған жағдайда) қатар ашылады.

Ұйымдар алған шетел валютасы, түскен соманы теңестіретін төлем құжаттарының деректемелері, оның ішінде нақты мәміле паспорты бойынша:

- егер ол валюта түсіміне жататын болса, ұйымның транзиттік валюта е с е п ш о т ы н а ;

- осы Нұсқаулықтың 4-тармағында аталған басқа жағдайларда ағымдағы валюта есепшотына міндетті түрде есептелуге тиіс.

Уәкілетті банк ұйымдар алған шетел валютасын, түскен соманы теңестіретін төлем құжаттарының деректемелерін, оның ішінде ұйымнан түскен сома туралы хабар алған уақытпен қатар нақты мәміле паспорты бойынша транзиттік есепшотқа есептейді. Ұйым банктен жазбаша хабар алғаннан кейін екі жұмыс күні ішінде контрактінің (келісімнің, шарттың) деректемелерін және мәміле паспортының номерін көрсете отырып түскен соманың сипаты жөнінде банкті хабардар етуге, сондай-ақ уәкілетті банкке валюта түсімінің бөлігін міндетті түрде сатуға және валюта түсімінің қалған бөлігін ағымдағы валюталық есепшотқа аудару туралы тапсырма беруге міндетті.

Уәкілетті банк түскен соманы теңестіргеннен кейін келесі жұмыс күнінен кешіктірмей валюта түсімін ұйымның транзиттік валюта есепшотына есептейді, басқа түсімдерді ұйымның ағымдағы валюталық есепшотына есептейді.

Егер шетел валютасымен теңестірілген түсімдер басқа банктер ресімдеген контрактілерге, мәміле паспортына жатқызылған жағдайда, уәкілетті банк көрсетілген соманы тиісті банкке аударды.

Ұйым шетел валютасымен түскен соманың сипаты туралы жазбаша түсініктеме бермегенде, валюталық бақылау агенті болып саналатын уәкілетті банк, банктік транзиттік валюта есепшотына шетел валютасымен түскен түсімдерді есептеген күннен бастап 5 жұмыс күні өтісімен шетел валютасымен түскен түсімдердің бөлігін валюта биржасының кезекті саудасында еріксіз сатады, бұл жөнінде ұйымға хабарлайды. Сонымен бірге міндетті түрде сатудан кейін шетел валютасының сомасы және баламасы сатылған шетел валютасына тең теңгемен қалған сома, олардың жай-жапсарын анықтағанға дейін банктің транзиттік есепшотына есептеледі.

Валюта түсімі қолма-қол шетел валютасымен түскенде, ұйым барлық қолма-қол шетел валютасын уәкілетті банкке өткізуге міндетті. Банк салынған қаражатты ұйымның транзиттік валюта есепшотына есептейді және валюта түсімінің бөлігін ішкі валюта рыногындағы валюта биржасында сатуды жүзеге а с ы р а д ы .

Ескерту: 7-тармаққа өзгерту енгізілді, жана редакцияда жазылды - ҚР Ұлттық

Банкі Басқармасының 1999.04.16. N 74 қаулысымен , 1999.05.20. N 121 қаулысымен .

8. Транзиттік валюта есепшотынан валюта түсімін міндетті түрде сатуды және оның қалған бөлігін ұйымдардың ағымдағы валюта есепшотына есептеп жазуды валюта түсімі өз пайдасына түскен ұйымның тапсырмасы бойынша уәкілетті банктер жүзеге асырады.

9. Ұйымның транзиттік валюта есепшоты есебіне валюта түсімін есептеп жазу барысында уәкілетті банктер осы Нұсқаулықтың N 1 қосымшасына сәйкес нысан бойынша келесі жұмыс күнінен кешіктірмей бұл туралы электронды байланыс құралдарымен (телекс, телефакс, телефонограмма, электронды почта және басқалармен) ұйымға хабарлайды.

10. Ұйым аталған хабарламаны алғаннан кейін екі жұмыс күні ішінде уәкілетті банкке валюта түсімін міндетті түрде сатуға және сонымен бір уақытта валюта түсімінің қалған бөлігін өзінің ағымдағы валюта есепшотына аудару туралы тапсырма беруге міндетті.

11. Уәкілетті банк ұйымнан аталған валютаны сатуға тапсырма алғаннан кейін міндетті түрде сатылуға тиіс шетел валютасының бөлігін валюта биржасында сатылған күнгі сауда нәтижесінде анықталған биржа бағамы бойынша келесі жұмыс күнінен кешіктірмей сатады.

Уәкілетті банк клиенттің валюта түсімін міндетті түрде сатудан түскен қаражатын бұл қаражат уәкілетті банктің корреспонденттік есепшотына түскен күні сатушы-ұйымның банктік есепшотына теңгемен есептейді. Қаражат банктің операция күні аяқталғаннан кейін теңгемен түссе, есептеу келесі операция күні жүргізіледі.

Теңгемен жүргізілетін банктік есепшот басқа банкте болған жағдайда, уәкілетті банк клиенттің валюта түсімін міндетті түрде сатудан теңгемен түскен қаражатын клиенттің банкіне теңгемен аударуды осы тармақтың екінші азатжолында белгіленген мерзімінде, клиенттің қаражаты есебінен жүргізеді.

12. Ұйым осы Нұсқаулықтың 10-тармағында көрсетілгендей уәкілетті банкке шетел валютасымен түскен күннен бастап 5 жұмыс күні ішінде тапсырманы ұсынбаса, валюталық бақылау агенті болып міндетті түрде сатылуға тиісті валюта түсімінің бір бөлігін, бес жұмыс күні ішінде валюта биржасында сатады, ол туралы экспортердің ұйымына хабарлайды.

Ескерту: 14-тармаққа өзгертулер енгізілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 1999.04.16. N 74 қаулысымен , 1999.05.20. N 121 қаулысымен .

13. Уәкілетті банктер бір жұмыс күні ішінде Ұлттық Банк ұсынған тиісті валютаның теңгеге, бірақ мәміле жасалатын күні белгіленген ресми бағамнан жоғары емес бағамы бойынша экспорттық түсімді Ұлттық Банкке мынадай жағдайда сатуға міндетті:

- валюта биржасында қатарынан бес жұмыс күні бойы сауда-саттық болмаған жағдайда ;

- егер валюта түсімі валюта биржасында қатарынан бес жұмыс күні бойы сатылмаса .

Валюта қаражатын Ұлттық Банктің валюталық корреспонденттік есепшотына есептеу туралы корреспондент-банктен телекс немесе СВИФТ бойынша хабар алғаннан кейін, Ұлттық Банк келесі жұмыс күнінен кешіктірмей уәкілетті банктің корреспонденттік есепшотына теңге баламасымен есептейді.

Мөлшері лот қалыптастыруға мүмкіндік бермейтін валюта түсімі түскен жағдайда уәкілетті банк есепшотты өз валюта қаражаты есебіне не валюта түсімі транзиттік есепшотқа есептелгеннен кейін соңғы 5 жұмыс күні ішінде түскен валюта түсімі есебінен толықтыруға құқылы және валюта түсімін валюта биржасында 5 жұмыс күнінен кешіктірмей сатуды жүзеге асырады.

Ұлттық Банк шетел валютасын сатып алудан бас тартқан жағдайда не осы валютаның сомасы валюта биржасында сату үшін лот қалыптастыра алмаса уәкілетті банктер екі жұмыс күні ішінде валюта түсімін банкаралық биржадан тыс валюта рыногында сатуға, не валюта түсімін экспортер - ұйыммен келісілген бағам бойынша өз бетінше сатып алуға міндетті.<*>

Ескерту: 13-тармақ жаңа редакцияда жазылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 1999.04.05. N 63 қаулысымен , 1999.04.16. N 74 қаулысымен .

14. Уәкілетті банктер транзиттік валюта есепшоттарындағы қалдықтар бойынша сыйақы (мүдде) есептемейді.

Комиссиялық алым валюталық биржада бекітілген жалпы тәртіпке сәйкес валюта биржасының»пайдасына төленеді.

Шетел валютасын сатып алушылардан комиссиялық сыйақыны өндіріп алу мөлшерін және тәртібін валюталық биржаның»өзі белгілейді.

14.1. Уәкілетті банктер белгіленген мерзімде осы Нұсқаулықтың 2-қосымшасына сәйкес Ұлттық Банкке есеп береді.

Ескерту: 14.1-тармақпен толықтырылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 1999.04.16. N 74 қаулысымен .

3. Бақылау және жауапкершілік

15. Уәкілетті банктер міндетті түрде сатылуға тиісті валюта түсімінің ұйымның транзиттік есепшотына міндетті түрде және дер кезінде есептелуі, сондай-ақ оның дер кезінде сатылуы және тиісті есеп айырысу жүргізілуі үшін қолданылып жүрген заңға сәйкес жауап береді.

Ұйымдар осы Нұсқаулық талаптарын бұзғаны үшін қолданылып жүрген заңға сәйкес жауап беретін болады.

Занды тұлғалардың»және уәкілетті банктердің лауазымды адамдары осы Нұсқаулықты бұзғаны үшін Қазақстан Республикасының»заң актілеріне сәйкес жауап береді.

Төраға

Тауар (жұмыс, қызмет)
экспортынан шетел
валютасымен түскен
түсімді міндетті түрде
сату туралы нұсқаулыққа

1-қосымша

Ескерту: 1-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі басқармасының 1999.05.20. N 121 қаулысымен , 2004 жылғы 23 желтоқсандағы N 183 қаулысымен .

Банкке _____ Сіздің ұйымның пайдасына
(кү н і , а й ы , ж ы л ы)
_____ сомасындағы қаражат түсті,
(валютамен: сандармен және жазумен)

ол біздің банктегі Сіздің N _____ шотқа есепке алынды. Банкке 2 жұмыс күні ішінде экспорттық валюта түсімін міндетті сатуды және қалған соманы Сіздің ағымдағы валюта шотына есепке алуды жүзеге асыруға тапсырма ұсынуды сұраймыз.

Сіздің ұйым валюта биржасында валюта сатуға тапсырма ұсынбаған кезде банкке түскен күннен бастап 5 жұмыс күні өткеннен кейін уәкілетті банк валюталық бақылау агенті ретінде Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 1999 жылғы 28 наурыздағы N 54 қаулысымен бекітілген Тауар (жұмыс, қызмет) экспортынан шетел валютасымен түскен түсімді міндетті түрде сату туралы нұсқаулықтың 12-тармағына сәйкес валюта түсімінің бір бөлігін міндетті түрде сатуды жүзеге асырады.

У ә к і л е т т і б а н к т і ң

жауапты орындаушысы

Мердің орны

Қолы

Тауар (жұмыс, қызмет)
экспортынан шетел
валютасымен түскен
түсімді міндетті түрде
сату туралы нұсқаулыққа

2-қосымша

Ескерту: N 2 қосымшамен толықтырылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 1999.04.16. N 74 қаулысымен .

Ескерту: 2-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі басқармасының 1999.05.20. N 121 қаулысымен , 2004 жылғы 23 желтоқсандағы N 183 қаулысымен .

есеп беру нысаны - апта сайын келесі аптаның 2-жұмыс

күнінен кешіктірмей

_____ жылғы " __ " бастап " __ " дейінгі _____ есепті аптада түскен валюталық түсімнің сомалары туралы

М ә л і м е т т е р

мың валюта бірлігімен

N	Валюта түрі	Ағымдағы кезеңде түскен шетел валютасының сомасы		Міндетті түрде сатылатын валюталық түсімнің сомасы		I	II	III	IV	V	VI
		бірегейлендірілмеген соманы Банктің транзиттік шотына	ұйымның транзиттік шотына	өткен кезеңдерде түскен, бірақ сатылмаған	есепті кезеңде түскен						
1	Ағылшын фунт стерлингі										
2	АҚШ доллары										
3	Еуро										
4	Швейцар франкі										
5	Жапон йенасы										
6	Ресей рублі										
7	Басқалары										
8	Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің шетел валюталарының орташа бағамына қайта есептеу бойынша мың А Қ Ш долларындағы барлығы										

кестенің жалғасы

Сатылған валюталық түсімнің сомасы		Ұйымның ағымдағы валюталық
барлығы	биржадан сатылғаны тыс	

өткен кезеңдерде түскеннен, бірақ сатылмаған	есепті кезеңде түскеннен	валюта биржасында сатылғаны	оның ішінде Ұлттық Банкке	басқаларына	шотына есепке алынған валюта сомасы
VII	VIII	IX	X	XI	XII

2-Қосымшаны толтыру жөніндегі нұсқау

Бағанның N	Мақсаты
I	Реті бойынша нөмірі
II	Валютаның атауы
III	Ұйымдар алатын шетел валютасындағы сомалар, түскен төлемдерді бірегейлендіруге мүмкіндік бермейтін, оның ішінде келісім-шарттар бойынша түсімдерді қоспағанда мәміленің нақты паспорты бойынша, төлем құжаттарының, басқа банктер ресімдеген, тиісті банктерге аударылатын мәмілелердің паспортының деректемелері көрсетіледі.
IV	Есепті кезеңде түскен бірегейлендірілген валюта түсімінің сомалары.
V	Өткен кезеңдердің валюта түсімінің сатылмаған бөлігінің осы есепті кезеңде сатылуға тиісті сомасы көрсетіледі. М ы с а л ы : Өткен кезеңде міндетті түрде сатылатын түсімнің сомасы 50 000 USD құрады, бірақ тек 30 000 USD ғана сатылды, осы бағанда осы сомалардың арасындағы айырма - 20 000 USD қойылуы тиіс.
VI	Осы кезеңде түскен таза валюта түсімінің 50% құрайтын сома көрсетіледі. М ы с а л ы : Валюта түсімінің толық көлемі - 100 000 USD; Бағанға міндетті түрде сатылатын, 50% құрайтын сома - 50 000 USD жазылады.
VII	Сатылған, өткен кезеңдерде түскен және сатылмаған валюта түсімінің сомасы көрсетіледі.
VIII	Есепті кезеңде түскен, нақты сатылған түсімнің сомасы көрсетіледі.

IX	Түскен уақытына қарамастан есепті кезеңде валюта биржасында нақты сатылған түсімнің сомасы көрсетіледі.
X	Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі ұсынған бағам бойынша түскен уақытына қарамастан есепті кезеңде Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне нақты сатылған түсімнің сомасы көрсетіледі.
XI	Коммерциялық Банкке нақты сатылған түсімнің, оның есепті кезеңде түскеніне қарамастан, уәкілетті Банк дербес сатып алған, және т.с. сомасы көрсетіледі.
XII	Валюталық түсімнің толық көлемінің 50% міндетті түрде сатылғаннан кейін экспортер ұйымдардың ағымдағы валюта шоттарына есепке алынған валюталық түсімнің сомасы көрсетіледі.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК